



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 849

2024 жылы «09» желтоқсаннан

Астана қаласы

город Астана

**«2022-2027 жылдарға арналған инфекциялардың профилактикасы мен оларды инфекциялық бақылау жүйесін жетілдіру туралы» жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 9 желтоқсандағы № 1106 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «2022-2027 жылдарға арналған инфекциялардың профилактикасы мен оларды инфекциялық бақылау жүйесін жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 9 желтоқсандағы № 1106 бұйрығына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа қосымша:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 1.2.-1, 1.2.-2-жолдармен толықтырылсын:

«

1.2.-1	«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне медициналық ұйымдарда инфекциялық бақылау жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту бөлігінде өкілеттіктерді айқындау бойынша өзгерістер енгізу	Заң жобасы	ДСМ (СЭБК)	2025 жыл	Қажет етілмейді
1.2.-2	«Медициналық көмек көрсетуге байланысты инфекциялардың алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын	Бұйрық	ДСМ (СЭБК)	2026 жыл	Қажет етілмейді

санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №ҚР-ДСМ-151 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30928 болып тіркелген) медициналық ұйымдарда инфекциялық бақылауды ұйымдастыру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу.				
--	--	--	--	--

»;

реттік нөмірі 2.4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

2.4	Микробиологиялық мониторингті ұйымдастыру-әдістемелік басқаруды жүзеге асыру: 1. МКБИ-мен ауыратын пациенттерді зертханалық зерттеумен қамту; 2. зерттеу нәтижелері бойынша талдау және есеп беру; 3. микробтық пейзажды есепке алуды жүргізу.	Ақпарат	Медициналық ұйымдар	2025 жыл	Қажет етілмейді
-----	---	---------	---------------------	----------	-----------------

»;

реттік нөмірі 2.8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

2.8	МКБИ-ді есепке алу бойынша ақпараттық жүйені (АЖ) әзірлеу мәселесін пысықтау	АЖ	ДСМ (СЭБК, ЭДСД), халықаралық ұйымдарды тарта отырып ҚДСҰО	2027 жыл	Қаржыландыруды қажет етеді
-----	--	----	--	----------	----------------------------

»;

реттік нөмірі 3.17-жол мынадай мазмұнда жазылсын:

«

3.17	ДДСҰ-ның «Қол гигиенасы» дүниежүзілік күні аясында іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу	Ақпарат	ҚДСҰО (СЭСЖМҒ ПО филиалы), ИПИБ	Жыл сайын	Қажет етілмейді
------	---	---------	---------------------------------	-----------	-----------------

			бойынша ҰТТ		
--	--	--	----------------	--	--

»;

реттік нөмірлері 4.1, 4,2, 4,3, 4,4, 4,5-жолдар мынадай редакцияда  
жазылсын:

«

4.1	Денсаулық сақтау объектілерінің санитариялық-гигиеналық жағдайларына бағалау жүргізу (WASH fit)	Бағалау құралдары	ДСМ (СЭБК), ҚДСҰО (СЭСЖМҒПО филиалы), халықаралық ұйымдарды тарту арқылы ИПИБ бойынша ҰТТ	2025 жыл	Бөлінген қаражат есебінен
4.2	Дезинфекциялау және стерилизациялау іс-шараларына бағалау жүргізу	Ұсынымдар	ДСМ (СЭБК), ҚДСҰО (СЭСЖМҒПО филиалы), халықаралық ұйымдарды тарту арқылы ИПИБ бойынша ҰТТ	2025 жыл	Бөлінген қаражат есебінен
4.3	Медициналық қалдықтарды басқаруға бағалау жүргізу	Ұсынымдар	ДСМ (СЭБК), ҚДСҰО (СЭСЖМҒПО филиалы), халықаралық ұйымдарды тарту арқылы ИПИБ бойынша ҰТТ	2025 жыл	Бөлінген қаражат есебінен
4.4	Реттік нөмірлері 4.1 және 4.2-жолдарда көзделген іс-шараларды іске асыру қорытындысы бойынша дайындалған ұсынымдар негізінде НҚА-ға өзгерістер енгізу	Ақпарат	ДСМ (СЭБК), ҚДСҰО (СЭСЖМҒПО филиалы), халықаралық ұйымдарды тарту арқылы ИПИБ бойынша ҰТТ	2025 жыл	Бөлінген қаражат есебінен
4.5	Қауіпсіз клиникалық практика үшін жағдайды қамтамасыз ету бойынша алгоритмдер әзірлеу	Алгоритмдер	ДСМ (МКҰД, АБДҚД), ҚДСҰО CDC (FETP) және басқа да халықаралық ұйымдар (келісу бойынша)	2025 жыл	Бөлінген қаражат есебінен

».

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті осы бұйрық қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны мүдделі тараптардың назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау бірінші вице-  
министрі**

**Т. Сұлтанғазиев**

**Согласовано**

03.12.2024 12:03 Касымжанова Тота Базарбековна

03.12.2024 12:18 Кожалова Роза Абзаловна

03.12.2024 13:07 Естекова Гульмира Абдигалиевна

03.12.2024 13:53 Ахметова Зауре Далеловна

03.12.2024 13:54 Ширинбекова Рита Абдукасымовна

03.12.2024 18:47 Бекбулатов Фархад Бауржанович

03.12.2024 19:10 Темирханов Серикболсын Темирханович

04.12.2024 16:16 Бейсенова Сархат Сагинтаевна

05.12.2024 21:05 Сарсенбаева Гульнара Едилловна

**Подписано**

09.12.2024 21:07 Султангазиев Тимур Сламжанович

